

**Қостанай қаласының Қоғамдық кеңесі отырысының
хаттамасы № 22**

өткізу орны:

**Қостанай қ., Пушкин к-сі, 98 үй
(302 каб.)**

өткізу уақыты:

**16 маусым 2023 жыл
16:30 сағ.**

Төрағалық етті: С.Н. Сотников – Қоғамдық кеңесінің төрағасы.

Қатысқандар: Қостанай қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшелері *(тізім қоса берілді)*.

Күн тәртібі

1. «Тіл саясатын іске асыру туралы».
2. «Қостанай қаласының шағын және орта бизнесін дамыту туралы есебі».

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Тіл саясатын іске асыру туралы».

Мадиярова Карлыгаш Хамзановна – «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы.

1. Жалпы ережелер

«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражатынан жыл сайын **2 575,0 мың теңге** бөлінеді.

Қалалық Тілдерді оқыту орталығының болмауына байланысты 2020 жылдан бастап қалалық мекемелер мен кәсіпорындардың тыңдаушылары өтеусіз негізде облыстық «Тілдарын» тілдерді оқыту орталығына жіберіледі.

Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап Курстарда қазақ **49** және ағылшын тілдерінен **15** тыңдаушы оқиды.

Биыл халықты кеңінен қамту үшін «Қостанай таңы» газетімен бірлесіп, мемлекеттік тіл саясатын кешенді ақпараттық ілгерілету бойынша «Түле тілі» жобасы әзірленді; «Тіл керуені» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде халықтың әртүрлі санаттарына бағытталған **3** іс-шара өтеді: балалар, жастар, ересектер. Сондай-ақ жеке **5** іс-шара өтеді: «Үздік аударма-2023» аудармашылары үшін; жас ақындар арасында «Жыр мүшәйра» байқауы; «Сұрақ-жауап» акциясы; «Қазақстан – достықтың мекені» тілдер күніне арналған фестиваль аясында – балабақшалар мен бастауыш мектеп буыны арасында сахналық қойылымдар байқауы және т.б.

Сыртқы көрнекі ақпарат пен жарнаманы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру және Қостанай қаласында орналасқан мекемелерге, кәсіпорындарға, сауда нүктелеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасалды, рейдтер өткізу кестесі бекітілді.

Есепті кезеңде **109** нысан қамтылды, **38** бұзушылық анықталды, оның **21-і** түзетілді, **2** жарнамалық банер бөлшектелді (ДНҚ «Клиника», «Вот так»).

Ономастикалық жұмыстар:

Қалада ономастика саласында белгілі бір жұмыстар жүргізілуде. 2017-2019 жылдары **7** көшенің атауы өзгертіліп, **1** атау берілді.

Ағымдағы жылы **4** көшенің атын өзгерту және Гашек көшесіндегі саябаққа атау беру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта қайта атау бойынша жол картасы әзірленіп, барлық құжаттар топтамасы Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу үшін қалалық мәслихатқа жіберілді.

Ұсыныстар:

- курстарда сөйлесу практикасын дамытуды күшейту жөнінде шаралар қабылдау;

- «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бағдарламасы бойынша оның нәтижелерін таныстыру мақсатында түрлі тілдер бойынша оқытудан өткен тыңдаушыларды Қоғамдық кеңестің отырысына шақыра отырып, жұмысты жариялау.

ШЕШТІ: К. Мадиярованың ақпараты мен **Қоғамдық кеңес мүшелерінің** ұсынысы назарға алынсын.

Дауыс берді: «Қолдайды»-13, «Қарсы»-0, Қалыс қалғандар – 0. Бірауыздан қабылданды.

ТЫҢДАЛДЫ:

2. «Қостанай қаласының шағын және орта бизнесін дамыту туралы».

Алмухан Асет Ерболатович – «Қостанай қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы.

1. Жалпы ережелер

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қостанай қаласында **31 145** шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **112,8%** құрайды, оның ішінде **6 578** – шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, **24 382** – жеке кәсіпкерлер, **185** – шаруа және фермер қожалықтары.

Шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыс істейтіндердің саны **70** мыңнан асады.

2023 жылдың басынан бастап жаңадан ашылған **68** кәсіпкерлік субъектісі тіркелді. **110** жаңа жұмыс орны құрылды.

Бизнесті қолдаудың неғұрлым тиімді және сұранысқа ие шарасы кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін, сондай-ақ қолданыстағы жұмыс орындарын қолдауды және жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ететін 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба болып табылады.

Ұсынылып отырған қолдау шаралары кәсіпкерлерге пайыздық мөлшерлемені субсидиялау есебінен арзандатылған кредиттер алуға, банктер

алдында мемлекеттің кепілдігін алуға, сондай-ақ жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаның «Екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау» жобасы шеңберінде 2023 жылғы қаңтар-сәуір айларында жалпы кредиттер сомасы **12,1 млрд. теңгеге** кәсіпкерлік субъектілерінің **78** жобасы мақұлданды.

«Екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру» жобасы бойынша кредиттің жалпы сомасы **3,4 млрд.теңгеге 32** кепілдік мақұлданды.

«Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары» жобасы бойынша «Жұмыс істеп тұрған бизнесті жүргізуді қолдау бойынша сервистік қызметтер көрсету» жобасын іске асыру табысты жалғасуда. 2023 жылдың басынан бастап **390** кәсіпкерлік субъектісі **432** қызмет түрін алды: бухгалтерлік және салықтық есеп саласында, заңгерлік консультациялар, сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша, маркетинг және ақпараттық технологиялар бойынша қызметтер.

Жыл сайын жас және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін гранттық қаржыландыру алуға конкурс өткізіледі.

Мемлекеттік гранттар өтеусіз және қайтарымсыз негізде **5 млн.теңгеге** дейін, инновациялық жобаларды іске асыруға бөлінеді. 2022 жылы Қостанай қаласында **29,5 млн. теңге** сомасына **8** кәсіпкер конкурстың жеңімпазы болып танылды. Ағымдағы жылы грант бөлу қыркүйек айында жүргізіледі.

Жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша 2023 жылы жоспар бойынша – **35,9 млн. теңге** сомасына **26** адам.

Ағымдағы жылы **6,9 млн.теңге** сомасына жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға **5** грант берілді.

15.05.2023 жылдан бастап екінші ағымға өтінімдерді қабылдау басталды.

Грант алушылар қатарында халықтың әлеуметтік осал тобы (*атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көп балалы отбасы мүшелері және олардың жұбайлары, аз қамтылған отбасы мүшелері және олардың жұбайлары, мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдар*) бар.

2023 жылы қала бойынша **35** стационарлық емес сауда дүңгіршектері жөнделіп, **40** жаңа сауда дүңгіршектері дайындалады. Сондай-ақ, қалалық жағажай аумағында жылы сауда павильондарын орнату жоспарлануда, қазіргі уақытта жылы павильондарды монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Ұсыныстар:

- «Қостанай қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ баяндамасы басқа уақытқа қайта тағайындалсын;

- келесі баяндамаға толық ақпаратты қосу:

1) жөнделген 35 стационарлық емес сауда сөрелері және 40 жаңа сауда сөрелері бойынша орналасқан мекенжайлары мен жұмсалған сомалары көрсету;

2) кәсіпкерлерге субсидиялар беру мерзімдерін көрсету;

3) кәсіпкерлердің салықтарынан бюджетке түсетін түсімдер сомасын көрсету;

4) жобалардың оң тәжірибесі мен жұмыс нәтижесін көрнекі түрде таныстыру мақсатында сөз сөйлеу үшін кәсіпкерлерді Қоғамдық кеңестің отырысына қатысуға шақыру;

5) бюджет қаражатын игеру статистикасын және жобалардың даму барысын көрсете отырып соңғы үш жыл кезеңіндегі көрнекі материал ұсыну;

6) қаражат бөлінген барлық бағыттарды және бөлінетін субсидиялардың рөлін, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының шарттарын және оның рентабельділігін ашу;

7) құрылған жұмыс орындарының санын көрсете отырып, өтеусіз және қайтарымсыз негізде бөлінетін мемлекеттік гранттардың мысалдарын келтіру, оларды іске асыру бойынша бақылауды қалай және кім жүзеге асыратынын көрсету, сондай-ақ, түпкілікті нәтиже қандай.

ШЕШТІ: А. Алмуханның ақпараты мен **Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынысы** назарға алынсын.


Дауыс берді: «Қолдайды»-13, «Қарсы»-0, Қалыс қалғандар – 0.
Бірауыздан қабылданды.

Қостанай қаласы
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы



С. Сотников

Қостанай қаласы
Қоғамдық кеңесінің хатшысы



С. Большакова